

Оңтүстік Қазақстан облысы
Қазығұрт аудандық
білім бөлімі
«Балдырған» бөбекжай - балабақшасы

«Ардақтайық ананы!»

«Жұлдыз» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Имадуллаева А
Естемесова М
Ән.жетекшісі: Ештаева. С

2018 ж



«Ардақтайық ананы!»

Жүр: Қош келдіңіздер! Аяулы әжелер, аналар, қызғалдақ қыздар, қадірлі тәрбиешілер! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып сегізінші наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Осындай көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек, олай болатыны аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнген емес. Олар өмірдің гүлі көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Бүгінгі «Ардақтайық ананы» атты ертеңгілігіміз сіздерге арналады.

Көрініс: «Мерекеге дайындық»

Мирас:

Мерекеде келіп қалды,
Бізде бәрі дайын ба?
Қазір қыздар келеді
Залды қылдырайық әдемі.

Марғұлан:

Айттым ғой мен сендерге
Үлгермей қаламыз деп
Бәріне қыздар кінәлі
Өлең айтса болғаны.

Жүр: Ұлдар, ұлдар ұрыспаңдар
Әне өздері де келіп тұр
Көңілдірек жымыяйық
Біздің қыздар келіп тұр.

Музыка ырғағымен қыздар залға кіреді.

Ән хор: «Айналайын ақ мамам»

Жүр: Біздің балаларымыздың тақпақтарын тыңдаңыздар.

Дидар:

Бүгін наурыздың сегізі
Сұлулықтың егізі
Әдемі сөз адамның
Анаға айтар лебізі

Рамазан:

Мәпелейсің мені анам
Қолыңдағы құсындай
Құлпыра өсіп дем алам
Құшағыңда қысылмай

Нурислам:

Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз

Ү.Кәусар:

Бөбегіңнің сыйлығын
Қабыл алшы анашым
Ұзақ өмір жүз жасап
Ауырмашы анашым.

П.Бағдәулет:

Әр сөзінді жаттаған
Жүрегінде сақтаған
Анашым деп мақтанам
Айналайын ақ мамам.

А.Аяна:

Құттықтаймын гүл беріп,
Өзімнің туған анамды.
Адамдар қыз-ұл болып,
Аналардан жаралды.

Ән: «Ақ мамам»

Көрініс:

Жүр: Үйреткен сөз мәнін

Тілейміз біз әже
Жарқырайбы әрдайым
Күніміз сіз ,әже-деп «Әжелер»көрінісін тамашалаңыздар.

Хор: Келіннен қорқып саспайық,

Келіндер өсек бастайық
Немеренің әр түрлі
Қылығын айтып тастайық.
Ой- бай белім- ай
Қайда кетті келін -ай

1-Әже Немерем менің блатной,

Күндіз тыным таппайды
Видик көру керек -деп
Кешкі ұйқыға жатпайды

Хор: Ой –бай сұмдық- ай

Ұят екен масқара -ай

2-Әже: Немерем менің кір-кір боп

Үйдің бетін көрмейді
«Киндер»сатып әпер деп
Еш тыныштық бермейді

Хор : Ой бай сұмдық-ай
Ұят екен масқара-ай

3.Әже: Немерем менің теңгеге
Үйір болып алыпты
Жүз тенгені сағызға
Аямай бере салыпты

Хор : Ой-бай сұмдық-ай,
Ұят екен масқара –ай.

4.Әже: Немерем менің ән салса,
Махаббат деп айтады
Қызың бар ма деп едім
«Жоқ» деп басын шайқады.

Хор: Келіндер келіп қапты ғой
Бізде үйге кетейік
Немере шіркін тәтті ғой
Барына шүкір етейік.

Би: «Жаңбыр» биі

1.Ү.Кәусар.
2.Гулназ
3.Зере
4.Инжу

5.Назгул
6. Малика
7.Аяулым
8.Нурила

Такпақтар:

Ф.Инжу
Мамочки поздравим
Ей букет подарим
В том букете розы
Желтые мимозы

Гулназ
Маме я стихи дарю
Песенку они спаю
И пока я буду петь
Будет к нам весна лететь

Аяулым
8-марте знаю дети
Наверное не всей планете
Что это праздник самый милый
Моей мамочки красивой

Назгул:

Жүре берсең қасында
Әйбат анам,әй анам
«Ботам»деген даусыңнан
Мен мәз болып оянам

Жансұлтан:

Еркелесем күлім дейтін
Ұрысқаны білінбейтін
Мандайымнан иіскеп менің
Құлыншағым күлім дейтін

Жүр:Балалар қар еріп ,құстар ән салып,алғашқы гүлдер шығуда. Адамдарға қуаныш сыйлайтын көктем мезгілі келді.Олай болса көктемді шақырайық.

Көктем: Дала гүлге бөленді,
Қуанышқа кенелді
Орман торғай бақтарда
Өйткені мен көктеммін
Құстар сайрай жөнелді
Шұғыламды төккенмін.

Барлықтарыңызды мерекелеріңізбен құттықтаймын.

Жүрг:Көктем біздің шақыруымызды қабыл алып мерекемізге келгеніңізге рахмет.

Көктем:Қалай келмеске аналардың,әжелердің мерекесіне. Мен балалардың,аналардың,әжелердің есімдерін білгім келіп тұр.
Балалардың жауабы:

Көктем:Қандай керемет есімдер.Көп-көп рахмет.
Осы кезде көктемнің телефоны шақырады.Көктем жапырақтар шықпай жатыр ма?Оларға көмектесу керек.Қазір ұшып барамын.Балалар менің басқада жұмыстарым бар,маған кету керек.

Би: «Джентельмендер биі:

- | | |
|----------|------------|
| 1.Мирас | 6.Марғұлан |
| 2.Сауран | 7.Қыдырәлі |
| 3.Әуес | 8.Нурис |
| 4.Эльдар | 9.Дидар |

Тақпақтар:

Сауран:

Анамды мен жақсы көрем
Айтқан тілін алып жүрем
Қасында апам жүргенде
Шаттанып ойнап күлем

Эльдар:

Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Бізді ана қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз

Ойын: Ата -аналармен

Тақпақтар:

Малика:

Айтсаң болды тіл алам
Әйбат анам әй анам
Сені көрсем қуанам
Сен керексін қашанда

Қыдырәлі:

Ақ анашым ,әппағым
Өзің жайлы тақпағым
Арналады сіздерге
Бар баланың тақпағы

М. Кәусар:

8-ші науырыз,
Әйелдер күні әлемдік.
Бұл күнді бірге тойлаймыз,
Әр бойлық пен әр ендік.

Би: «Дара-дара қыз»

- 1.Нурасыл-Ф.Инжу
- 2.Жансұлтан-М.Кәусар
- 3.Бакдәулет-Малика
- 4.Сырым-Аяна
- 5.Рамазан-Зере

Жүр: Бүгінгі мереке аналарымызды,әжелерімізді,қыздарымызды шын жүректен құттықтаймыз. «Қариясы бар үйдің қазынасы бар»деп бекер айтпаған,келесі тақпақтарымыз сіздерге арналады.

Нурасыл:

Бәріңіз де анасыз
Біз үшін күн боп жанасың
Құтты болсын мейрамың
Құттықтаймын анашым

Сырым:

Баланың да тірегі
Дананың тірегі
Шаншымасын ешқашан
Аналардың жүрегі

Нурилла:

Әжемді мейрамымен құттықтаймын
Айтатын ән беретін гүлім дайын
Әжетай сені жақсы көремін деп
Ақырын құлағыңа сыбырлаймын

Димаш:

Менің әжем ақ әжем
Айтқан сөзі дәл әжем
Аман болса көреді
Қызығымды әлі әжем

Әуес:

Әжем менің әлі де
Ұқсамайды кәріге
Шай қайнатып береді
Қажет болса бәріне

Зере:

Өзің мені өсірген
Айналайын ақ әжем
Тентек болсам кешірген
Балдай тәтті бал әжем

Ойын: «Құмыраға гүл салу»

Шарты: Балаларды екі қатарға тұрғызып. Құмыраның жанындағы гүлдерді қатардағы екі бала жүгіріп келіп біртіндеп салу керек. Балалардың жылдамдықтарын байқау.

Би: «Аналармен би:

- | | |
|------------|---------------|
| 1. Сырым | 7. Марғұлан |
| 2. Әуес | 8. Қыдырәлі |
| 3. Сауран | 9. Димаш |
| 4. Мирас | 10. Жансұлтан |
| 5. Рамазан | 11. Нурасыл |
| 6. Нурис | 12. Эльдар |

Жүр: Бәріміздің де анамыз бар, әжеміз, әпкеміз бар, Жылына бір келетін аналар мейрамында аналарымызға қандай сыйлық жасасақ та жарасады. Өйткені бізді өмірге алып келген, бізге әлемнің жарығын сыйлаған анамыз емес пе? Олай болса, әр баланың өзі дайындаған аналарға сыйлықтары бар екен, соны табыс етсін.

Қазығұрт ауданы
Жаңабазар ауыл округі
«Б а л д ы р ғ а н»
бөбекжай-балабақшасы

«ТІЛ-ҰЛТ ТІРЕГІ»

Ертеңгілік

«Қарлығаш» мектепке дейінгі ересектер тобы

Тәрбиешілер: Жумагулова Ф.
Имадуллаева А

2018 ж.

«Тіл-ұлт тірегі»

Мақсаты: Балаларға ана тілі туралы түсінік беру, білімін жетілдіру. Ана тілінің қасиетін сезінуге, мәртебесін көтеруге баулып, өзінің ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, ой өрісін, сөздік қорын дамыту. Мемлекеттік тілдің өркендеп өсуіне, туган халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Қайырлы күн, құрметті Тіл мерекесіне жиналған қауым! Ана тілі-адамның жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Ана тілі халық тарихының барлық кезеңдерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазына.

Қазақ тілім өз тілім, ана тілім,
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.
Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,
Болашағым, бақытым дара тілім –
дей отырып Тіл мерекесіне орай ұйымдастырылған «Қарлығаш» мектепке
дейінгі ересектер тобының «Тіл-ұлт тірегі» атты мерекелік ертегілігімізді
бастауға рұқсат етіңіздер.

А. Назгүл: Балалар құтты болсын тілің бүгін,
Ашатын жан сарайын білімдердің.
Кешегі анаң айтқан, бабаң айтқан,
Тіліне зер салыңдар бұрынғының.

Сауран: Әр бір тілде сөйле әлемді таң кылып,
Ана тілін білу бізге заңдылық.
Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда,
Қазақ тілі жасау керек мәңгілік.

ХОР: Әнуран: «Менің Қазақстаным»

Саида: Ана тілің-арың бұл,
Ұятын боп түр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тілінді құрметте.

«Ана тілі» А. Асылбек.

Сымбат: Ана тілін білмесең,
Қадірлісің кімге сен?
Ана тілі арқылы
Тарихыммен тілдесем.

Аяулым: Ана тілін білмесең,
Қадірлісің кімге сен?
Өз тілің де ер жетіп,
Қол созасың күнге сен.

Тәрбиеші: Балалар, бізге арнайы келген қонағымызды қарсы алайық.
/музыка әнімен залға Ару Ана кіреді/

Ару-Ана- Айгул апай: Сәлеметсіңдер ме, балалар, құрметті қонақтар! Мен Ару-Анамын! Сендердің балабақшаларыңда Тіл мерекесі болып жатқанын естіп, сендерге қонаққа келдім. Өздерің қандай керемет, әдемісіңдер балалар.

Тәрбиеші: Сәлеметсіз бе, Ару-Ана! Біздің мерекеге қош келдіңіз! Жоғары шығыңыз. Біздің бүлдіршіндеріміздің өнерлерін тамашалаңыз.

Рамазан: - Менің ана тілім – қазақ тілі, Тәуелсіздік алғаннан кейін ана тіліміздің мәртебесі өсіп, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болды.

Мейіржан: - Егемендік алғаннан кейін Қазақстанда «Тіл туралы» Заң қабылданды. Қазақ тілі – өте бай, терең мағыналы көркем тіл.

Ару-Ана-Айгул апай: - Ия, ия, ол рас 1995 жылы 30-тамызда қабылданған жаңа Конституцияда қазақ тілі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі болып бекітілді. Ал 1997 жылы 11-шілдеде «Тіл туралы» Заң қабылданып, оның 4-бабында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі – қазақ тілі» екені жазылды.

Тәрбиеші: Ана тілім-өзгелерден бөлексін,
Бала жүрек саған арнап жыр төксін.
Қай асылға теңесем де жарасар,
Ана тілім баға жетпес өнерсін.

«Ана тілім» М. Омарұлы.

Б. Али: Ана тілім ән қылып
Анам айтқан әлдиім.
Ана тілсіз мәңгілік
Келіспейді ән, күйім.

Інкәр: Ана тілім бойымда
Ағып тұрған бұлағым.
Ана тілім -ойымда
Жанып тұрған шырағым.

Майра: Ана тілім толгаса,
Қай теңіз бар шайқалмас?
Ана тілім болмаса
Ерлігім де байқалмас,
Елдігім де байқалмас.

«Ана тілім – әнім» Ж. Кәрбозин.

Назым: Ана тілім- менің
Әлдилеген әнім.
Ана тілім- демім,
Ана тілім- жаным.

Інжу: Жанымнан да қымбат
Ана тілім маған.
Ана сөзін тыңдап,
Үлгі-өнеге алам.

Ақару: Ана тілім – анам,
Қандай аппақ арым.
Мұра еткен бабам
Жарқыраған шамым.

Қ. Аліхан: Ана тілім елім,
Қажыр-қайрат, күшім.
Ана тілім менің,
Басты бакыт кұсым.

Раяна: Қымбат маған ана тілім, бал тілім,
Қымбат маған дана тілім, ар тілім.
Ақ сүтіңмен бірге сінген бойыма,
Ана тілім, ардақ тұтар алтыным.

Ару-Ана-Айгул апай: Өнерлерін үстем болсын балалар! Сендер тілге байланысты
макал-мәтел білесіндер ме? Қане кім айтады?

Серік: Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.
Тіл буынсыз, ой түпсіз.
Өнер алды кызыл тіл.

Аяулым: Тіл көтермегенді, тіл көтереді.
Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ.
Тіл жетпейтін түпкір жоқ.

Саида: Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады.
Тіл қылыштан өткір.
Тілден биік асқар жоқ.
Тілден терен теңіз жоқ.

Ару-Ана-Айгул апай: Талаптарына нұр жаусын! Рахмет сендерге макал-мәтелді
жақсы біледі екенсіндер.

Тәрбиеші: Енді біздің балалар сізге ұлы акын – жазушылардың тіл туралы айтқан
сөздерін айтып береді.

Сырым: - Ана тілін ұмытқан адам ол халқының өткеніненде, болашағынан да қол
үзеді.
/Ғабит Мүсірепов/

Серік: - Сөз халықтың қымбаттан – қымбат кені. /Сәбит Мұқанов/

Е. Назгүл: - Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті. Біздің жастарымыз ана тілін
білетін білімді, мәдениетті болуы керек. /Ахмет Жұбанов/

Бақдаулет: - Анамыздың ақ сүтінен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-
бабамызды, тарихымызды ұмыту. /Бауыржан Момышұлы/

Айбар: - Кімде – кім ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса,
оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды. /Мұхтар Әуезов/

Ару-Ана-Айгул апай: Жарайсыңдар балалар, керемет.

«Ана тілім» С. Кәттебайұлы.

Ордабек: Ана тілім - ұраным,
Ана тілім - құралым.
Ана тілім болмаса –
Болмас еді жыр әнім.

Каусар: Ана тілім – елдігім,
Ана тілім – ерлігім.
Ана тілім болмаса –
Бүтінделмес кемдігім.

Зере: Ана тілім – ырысым,
Ана тілім – қылышым,
Ана тілсіз тарылар –
Кен дүниеден тынысым.

Гүлназ: Ана сүтін ақтандар.
Ана тілін сатаңдар.
Ана тілмен безеніп,
Ата берсін ақ тандар!

Би: «Көңілді биі»

Сауран: Қуан далам, қуанатын күн бүгін,
Серпіп тастап, мұңды жүрек түндігін.
«Тіл туралы» Заңым енді күшіне,
Паш еткендей кескен жана кіндігін.

Мирас: Ана тілін жырлап, өткен талайлар,
Жырлап өткен Ыбырай мен Абайлар.
Қасиетті менің Ана тілімде,
Өшпес мәңгі арайлаған алау бар.

Асылай: Қымбат маған ана тілім, бал тілім,
Қымбат маған дана тілім, ар тілім.
Ақ сүтіңмен бірге сіңген бойыма,
Ана тілім, ардақ тұтар алтыным.

Ән: «Ана тілім»

«Туған тілім» Д. Әбілов.

Нұрғалым: Туған тілім – бабам тілі – өз тілім!
Туған тілім – анам тілі – өз тілім!
Туған тілім – далам тілі – өз тілім!
Туған тілім – адам тілі – өз тілім!

Тәрбиеші: Ару-Ана, қонақтар, балалар! Енді бүлдіршіндеріміздің
«Тілдің күдіреті туралы аңыз» атты көрінісін тамашалаңыздар.

Көрініс: «Тілдің күдіреті туралы аңыз»

Қатысушылар: Әз Жәнібек хан – Фаридан апай

Уәзірлері: 1 - Бақдаулет

2 - Ордабек

3 - Мирас

Хан: Уәзірлерім: Бұл дүниеде не өлмейді?

Уәзір: Уә хан ием: Асқар тау өлмейді, ай мен күн өлмейді, ағын су өлмейді,
кара жер өлмейді!

Хан: Уә, уәзірлерім, жігітке жақсы болу үшін не қажет?

Уәзір: Уә хан ием, жігітке бірінші білім керек, екінші ғылым керек,
үшінші ұғым керек, отты өткір тіл керек!

Хан: Уәзірлерім, сендердің жауаптарыңа ырзамын! Енді маған
тағамның ең тәттісін әкеліңдер.

Уәзір: «Құп болады тақсыр!» деп ыдысқа салынған тілді әкеледі.

Хан: Мен саған тағамның ең тәттісін әкел дедім ғой.

Уәзір: Тағамның тәттісі осы!

Хан: Солай де, енді тағамның ащысын әкел!

Уәзір: «Құп болады тақсыр!» - деп қайтадан тілді алып келеді.

Хан: Бұл не?

Уәзір: «Тіл тақсыр!»

Хан: Мен саған тағамның тәттісін әкел дедім, тіл әкелдің. Ащысын әкел дедім, неге қайтадан тіл әкелдің. Бұл қай мазағың ?

Уәзір: Уә, мәртебелім, тілден тәтті не бар? Жаксылықтың жарсысы – тіл. «Жылы-жылы сөйлесен, жылан да інінен шығады» Ал жаманшылықта осы тіл арқылы болады. «Жаман адамның тілі ащы» - деген осыдан.

Хан: Уа, Уәзірлерім! Тапқырлықтарыңа ризамын. Менің сендерге айтар бір нақыл сөзім бар:

Малым бар деп мақтанба
Боран сокса қайтесің?
Басым бар деп мақтанба.
Ажал сокса қайтесің?
Тілім бар деп мақтанба?
Тіл байланса қайтесің?
Бағым бар деп мақтанба.
Сорға айналса қайтесің?
Ақылдан артық хандық жоқ.
Жомарттан артық хандық жоқ!

ХОР: «Атамекен»

Ару-Ана-Айгул апай: Балалар, әрдайым осындай тату дос болып, өз тілдерінді құрметтендер. Сендердің өнерлеріңе тамсанып, риза болдым. Келесі кездескенше сау болыңдар.

Тәрбиеші: Міне, Ару-Ана бүгінгі біздің бүлдіршіндердің мерекелік ертеңгілігі аяқталды. Көріскенше күн нұрлы болсын. Сау болыңыздар.

Мемлекеттік тіл- менің тілім

Ана тілім, дана тілім, бақ тілім,
Сенсіз бакыт дүниеден тапты кім?
Сенсің менің қуанышым, шаттығым,
Сенсің менің тазалығым, пәктігім.

Әр адам өзінің тілін шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап құлағына сіңіруі тиіс. Себебі, тілін білген адамның ғана бойында патриоттық сезім қалыптасады. Олар елге, ұлтқа пайдалы мәселелерді қозғап, жауапкершілікті сезінеді. Өйткені, мемлекеттік тіл елімізде аса маңызды да, ең өзекті мәселе. Тіл-тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тіл-қазақ тілі деп жарияланды. Бұл тұста Елбасымыз- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақтың болашағы-қазақ тілінде», - деп алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды.

Тәуелсіз қазақстанның болашағы- біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз-қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Тәуелсіздігіміздің тұғырына көтерілген жылдар ішінде елдің бірлігі артқандай. Елімізде ұлтымыздың ұлы тілімен қатар әлемдік тілдердің де құндылығы жоғары. Қазақ балаларының өзге тілді меңгергеніне қуанып, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілінде сөйлеп, білім алып жатқанын көргенде, бір жасап қаламыз. Ұстаздар қауымының басты міндеті-шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, болашақ ұрпаққа ұлағатты тәрбие беру.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Ұлттың тілі-сол ұлттың жаны, жан-дүниесі. Ол жүректі соқтырып тұрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?»- деп тура айтқан.

Олай болса, тілімізді қадірлей білейік! Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің болашағына да қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Өкінішке орай, соңғы кезде көптеген қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйлеуді әдетке айналдырған. Ата-ананы қадірлеу қалай керек болса, өз ана тілімізді қадірлеуді, қастерлеуді, аялауды қолға алайық. Төл тілінде сөйлеуден безу-ана сүтін беріп өсірген анаңды ұмытумен бірдей. Туған тілдің абыройын асқартату- әрбір адамзаттың абзал борышы. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымызды, салт-санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр.

Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отан сүйгіште ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор.

Қазақтың біртуар ақыны Мағжан Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады»- деген. Тіл байлығы- әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің тілін, көзінің қарашығындай қастерлеп, ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиісті.

Қ. Жаксыбекова «Тілдерді оқыту және дамыту
орталығының оқытушысы»

Қазығұрт аудандық білім бөлімі
«Балдырған» балалар бақшасы

Ашық ұйымдастырылған іс - әрекет

"Үй құстары"

«Күншуақ тобы»

Тәрбиеші: А. Имадуллаева



Бекітілген
 2015



Мәселесі: Әлеуметтік орта, Қатынас, Шығармашылық, Денсаулық

Қоршаған ортамен таныстыру. Тіл дамыту. Жапсыру.

Түрлері: «Үй құстары» Әтеш, тауық балапан

Мақсаты: Үй құстарының тіршіліктері туралы түсініктерін кеңейту. Үй құстарының пайдасы туралы сүйіспеншілікке қамқорлыққа тәрбиелеу.

Әдіс тәсілдері: Түсіндіру, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер: Әтеш, балапан, тауықтың суреттері жұмыртқа.т.б.

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдас- тырушы қозғаушы кезең	Балалар бүгін бізге көп қонақтар келіпті, бүгін қандай ерекше күн болып тұр. Алдымен біз үлкендермен амандасып алайық. Балалар қолымыздан ұстап «Қуаныш шеңберін» жасап бір-бірімізге жылуымызды білдірейік.	Балалар қонақтармен амандасады. Үлкенге десіз. Кішіге де сіз Баршаңызды құрметтеп. Бас иеміз біз. Тиіспе балапан тауыққа Тентектікті қойындар. Араздық жоқ аранда. Тату тәтті болындар.
Ұйымдас- тырушы ізденушілік кезең	Өте жақсы балалар енді орнымызға отырайық. Балалар құстар, жан-жануарлардың ең көп және маңызды тобы. Олар мекен ету орнына қарай үй және дала құстары болып бөлінеді. Үй құстарына әтеш, тауық, қаз, үйрек жатады. Үй құстарын үйде күтіп баптайды. Олардың еті, сорпасы жұмыртқасы адам ағзасына өте пайдалы. Мамық жінінен жастық, көрпеше тігіледі. Адамдар үй құстарына жем, су беріп қора дайындап қамқорлық жасайды. Ғажайып сәт: Әтеш: Саламатсыңдар ма балалар! Мен тауық балапандарымды жоғалттым, сендер көрдіңдер ме? Тәрбиеші: -Балалар, тындандаршы бір нәрсе тырсылдап жатыр. Қане қайтадан тыңдайықшы. Мәссаған мына жұмыртқаның үлкенін - ай. Өзінің түсі аппақ екен, ал көлемі сопақшаға ұқсайды екен. -Балалар, жұмыртқа жарылып жатыр екен. Бұдан не шығатынын білесіңдер ме? Балапан шығатынын білеміз. - Балапан не істеп тұр?	Балалар амандасады. -Жоқ. Балалар жұмыртқаға таңдана қарайды. -Балапан шығады. Жылап тұр.

Балапан сен неге жылап тұрсың? Біз саған көмектесеміз, айтышы не болды?

Балапан: Мен анамнан адасып кеттім. Сіздер соны тауып бере аласыздар ма?

Әрине балапан. Біз саған көмектесеміз. Балалар бәріміз балапанның анасын шақырайықшы.

Қыт-қыт

Қыт-қыт

Тауық: Саламатсыңдар ма балалар! Не болды менің жұмыртқамды таптыңдар ма? Сендерге көп рахмет. Рахмет балалар! Менің балапанымның қарны аш, сендер балапанымға тары, бидай тауып беріңдерші.

Иә

Тәрбиеші:

Тауық менде тары да жем де бар. Бірақ сен біздің балалармен тапсырмаларымды орындасаң ғана береміз.

Жарайды.

Тауық: Ендеше балалар маған көмектесесіңдер ме?

Әрине көмектесеміз.

1-тапсырма, «Жұмбақ шешу»

Ерте тұрады

Жар шақырады.

Әтеш

Ақ сарайын талқандап

Шықты біреу талтандап.

Балапан

2 тапсырма:

Тауық біздің балалармен ойын ойнағыларың келе ме?

Қимылды ойын: «Ұшты ұшты» ойыны.

Ойынның шарты: Ұшты-ұшты қарға ұшты
Ұшты-ұшты арба ұшты
Ұшты-ұшты торғай ұшты
Ұшты-ұшты түлкі ұшты.

Балалар ұшатын құстарға қолдарын көтереді.

Ұшпайтын затқа қол көтермейді.

3 -Тапсырма:

Үй құстары туралы кім тақпақ біледі?

Ерниар:

Мен қоразбын
қоразбын.

Жалқаулар мен оразбын.
Таңды бұрын қарсы алып
Елді оятам жар салып.

Гүлназ:

Мен ақ тауық ақ тауық
Жүремін мен мақтанып
Құс болсам да ұшпаймын
Балапанды қорғаймын.

Жанерке.

Біз сап-сап балалапан
Күні бойы шикылдап
Жерден дәнді тереміз

	Балалар бәріміз орнымыздан тұрып бойымызды сергітіп алайық. Сергіту сәті: «Шөжелерім» әніне бейнетапа арқылы балаларға сергіту жаттығуларын жасату. Тауық: -Балалар сендер маған көп көмектестіңдер. Рахмет енді мен сендермен қоштасайын. (Тауық: Балапанын алып кетеді). Тәрбиеші тауыққа бидай, тары береді. Дидактикалық ойын: «Не қалай дыбыстайды.» Ойынның шарты: Балаларға үй құстарының даусын ұнтаспадан естіртеді. Балалар қандай құстың даусы екенін табу керек. Ал енді балалар мынау балапанның суреті. Балапанның түсі қандай? -Дұрыс айтсаңдар, сары түс. Балапанға сары қағаздан үлпілдек жүн етіп жапсырамыз. Балалар қауіпсіздік ережелерін сақтаймыз. жемімді ауызға салмаймыз. Ол өте қауіпті. Жұмыстарыңды жасап болғаннан соң, қолымызды сүлгіге сүртеміз.	Анамыздан қатмаймыз. Әуенге сай бірнеше кимылдар жасайды. Сау болыңыз. Ойынды қызығушылықпен ойнайды. Сары
Жетекшілік қорытынды	Үй құстарын атап беріңдерші? Үй құстарына адамдар қандай күтім жасайды? -Балалар бүгінгі ұйымдастырылған Іс-әрекетте қандай әдемі балапан жапсырдыңдар сендерге алғысым шексіз сендерге көп-көп рахмет.	Әтеш, тауық, қаз, үйрек. Су береді жем, тары береді. Қора соғып береді.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Үй құстары, олардың пайдасын және қажеттілігін білу керек.

Игереді: Үй құстарының аттарын толығымен атауын, және үй құстарына қамқор болуды.

Меңгереді: Үй құстарының дыбыстауын, жүрістерін меңгереді.

А.А.



Оңтүстік Қазақстан облысы
Қазығұрт аудандық
білім бөлімі
«Балдырған» бөбекжай - балабақшасы

«Табиғат – ғажайыптары»

Ұйымдастырылған оқу-қызыметі

Тәрбиешілер: А.Имадуллаева
М.Естемесова

Білім беру саласы: Таным,Шығармашылық,Каммуникация
Оқу іс-әрекеті: Қоршаған ортамен таныстыру, Көркем әдебиет жапсыру
Тақырыбы: «Табиғат – ғажайыптары»

Мақсаты:Балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру,балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағұлмат беру,табиғатқа сүйіспеншілікпен карауға ,кадірлей білу және камқорлық жасай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Көрнекі-кұралдар:Тақырып бойынша суреттер,видео,-слайд, тледидар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Сәлеметсіңдерме балалар!Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын.Ендеше бір –бірімізге деген жылы лебіздерімізді білдіріп таңғы шаттық шеңберін жасайық Алақанды ашайық Күннің көзін жасайық Таза ауаға қол сермеп Жүрек жылуын жасайық Мейірімділік шоғын біз Қонақтарға шашайық Сәлеметсіздер ме! Здраствуйте! Cood morning! Балалар сендер отырмас бұрын мен сендерге жұмбақ жасырамын. Бір жерінде ыстық Бір жерінде суық Бір жерінде күн Бір жерінде түн Керемет алып неткен -Ия дұрыс айтасындар,міне мынау жер шары,пішіні қандай?	Сәлеметсізбе! Балалар кимылмен шаттық шеңбер жасайды Жер шары Дөңгелек
	Балалар біз қазір сендермен «Жер шары»ойынын ойнаймыз. Ойын шарты бойынша мен қолымдағы допты бір балаға лақтырып, «жер шары»деп айтамын қағып алған бала жер шарында кімдер ? Нелер? Мекендейтінін шапшаң айтып допты кері лақтырады.М:тәрбиеші «Жер шары»	Балалар ойынды ойнайды

десе бала «адам» деп жылдам жауап беруі тиіс.

Жарайсындар

балалар! Адам, құстар, жануарлар, жәндіктер, аңдар, ағаштар гүлдер, таулар. Бұның барлығы бір сөзбен айтқанда не деп айтамыз.

Дұрыс айтасындар біз бүгін сендермен осы табиғат ұғымымен тереңірек танысамыз.

Енді барлығымыз экранға назар аударайықшы.

Тыныштық сәті: Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау.

Тәрбиеші: Балалар не естідіндер?
Ненің дыбысы деп ойлайсындар?

Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады.

Табиғат – бізді қоршаған орта, туған елім ауа, күн мен жер және су, орман мен жануарлар.

Табиғат екіге бөлінеді. Ол тірі табиғат және өлі табиғат

Тірі табиғатқа: ағаш, шөп, гул, адамдар, аңдар, құстар жатады, олар өседі дем алады, көбейеді, денесінде жан бар.

Өлі табиғатқа: су, тас, күм, ауа жатады, олар өспейді, дем алмайды денесінде жаны жоқ.
Балалар сендерге табиғат неліктен ұнайды?
(Әр балаға жеке сұрақ қою)

Табиғат

Желдің
үрлегенін, жаңбырлардың
жауғанын
құстар мен жан-жануарлардың
дыбыстарын
естідік

Балалар
жауабын айтады

Б-а Маған аспан
ұнайды
Күн бізге нұрын
шашады
Б-а Маған
жаңбыр ұнайды
Жаңбырдан
кейін
кемпіркосак

шығады
Б-а Маған ауа
ұнайды Біз
ауамен дем
аламыз
Б-а Маған жер
ұнайды өйткені
біз жерде
ойнаймыз.

-Балалар бұл осы табиғаттың бірі аңдардың іздері.Қара-
ндаршы табиғат аясында неше түрлі аңдар жүреді екен.

Тақтадан жердегі аңның ізінің,қай аңдікі екенін
түсіндіріп көрсету

Ендеше біз зертханаға орталығына барып
топырақтардың қасиеттерімен танысайық.
Біз зертханаға арнайы мына судан өтіп қайықпен
барамыз.Біз зертханаға көңілді бару үшін ән айтып
барамыз.

Балалардың
барлығы өлеңді
айтады

Балаларға зертханадағы топырақпен таныстыру. -Мынау не? -Түсі қандай? «Топырақтың қасиеті» -Топырақ жұмсақ па, әлде қатты ма ұстап көрейікші?	Топырақ Қара, қоңыр Жұмсақ
«Топырақты батпаққа айналдыру» Енді осы топыраққа су құйсақ не болатынын көрейік. Т: құрғақ топыраққа су құйып көрсетеді. -Балалар топырағымызға су құйғанда неге айналады?	Балшыққа, батпаққа
-Олай болса біз қазір осы топыраққа көкеністі отырғызып бақылайық. -Балалар бүгін біз жуа отырғызып көрейік	Балалар белсене қатысады.
Жуа біздің денсаулығымызға пайдалы. Тамаққа косамыз, суық тигенде жеуге болады. Қараңдаршы, балалар, біз бірінші шұңқыр қылып қазып аламыз. Сосын оны шұңқырға жуаны салып, топырақты жауып су құямыз.	Тыңдайды
Жарайсындар! Қолдарыңды дымқыл салфеткамен сүртейік.	Балалар сүртеді
Балалар осы көкенісіміз жақсы өсу үшін күнделікті бақылап, су құйып, күтуіміз қажет. Оның түбін босатып күтіп баптауымыз керек.	Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды
Балабақшаға оралу. Тәрбиеші балаларға санамақ айтқызады.	
Бір –білім ал. Екі-ерлік көрсет Үш-үлгі тұт Төрт тәртіп керек. Бес –бақыт керек.	Балалардың жауабы
Балаларға сұрақ. -Балалар айналаға қараңдаршы біз ауаны көреміз бе? -Ауа бізге не үшін керек? -Ауаның түсі қандай? -Қолмен ұстауға болады ма?	Жоқ Демалу үшін Түсі жоқ, көрінбейді Жоқ қолмен ұстауға болмайды

-Балалар сендердің қолдарына айна
таркатып беремін.Сендер айнаға үрлеп,
ауаның бар екеніне көз жеткізіндер.
-Балалар енді мұрнымызды қолымызбен жауып
аузымызды ашпай көрейк.

-Көрдіндер ме балалар ауызсыз тыныс алу
мумкін емес екен.

Ендеше балалар осы табиғат туралы такпактар
айтып берейікші.

Такпактар

Балалар мұрындарын
қолдарымен жабады

Ф.Інжу

Бұтақтардысындырмай
Тазалықты сақтаймыз
Гүлді өсіріп су құйып
Табиғатты қорғаймыз

Мирас:

Бакта гүлдер тереміз
Бірге ойнаймыз
күлеміз
Міне біздер қандаймыз
Табиғатты қорғаймыз

Нурислам:

От та,суда ,ауа да
Жан жануар барлығы
Орман теңіз тауларда
Табиғаттың байлығы

Е. Назгул:

Табиғат егіз адаммен
Ұқсастық табам содан
мен
Мәңгілік болсын
егіздер
Жер-Ана,көктеңіздер

-Балалар сендерге зертханаға барған ұнады ма? -Ендеше зертханадан алған білімдерімізді байқау үшін қазір «Таңдап алда, атын ата» дидактикалық ойынын ойнауға шақырамын. -Қане ,балалар барлығымыз бірге ойнайық. Ойынның шарты:Заттардың ішінен таңдап алып ,оның атауын атау.Таңдаған затты тиісті орнына орналастыру.Мысалы:Тастың атын атап,судың ішіне,тауға орналастырады.Шөпті шалғынға, гүлді арнайы гулзарларға,ағашты бакшаға,орманға орналастырады. Сергіту сәті: Балаларға кимылмен сергіту сәтін жасату.	Ия Тәрбиешімен бірге балалар қызыға ойнайды.
-Балалар енді біз топ-топка бөлініп жұмыстар жасайықшы. Топка бөліну үшін біз суреттерден таңдап аламыз. Кімге қай сурет түседі сол бала сол орталыққа барып жұмыс жасайды.	Балалар жасайды. Балалар суреттерді таңдап алып,өз орталықтарына барып жұмыс жасайды.
1.-топ құмға ағаштың суретін салады. 2.- топ бакбак гүлін жасайды. 3.-топ табиғат ерекшеліктерін өз орнына орналастырады.	Балалар белсене жасайды.

Қорытынды	-Балалар біз табиғат аясында нені білдік? -Табиғатқа әрқашан қамқор болып жүреміз ба? -Зертханада немен таныстық ? -Зертханада қандай көкөністі егіп үйрендік? Балалар біз табиғат туралы айттық.Сендерге ұнады ма?Барлығында бүгінгі оқу іс-әрекетіне жақсы қатыстындар. Күтілетін нәтиже: Білді: Өлі және тірі табиғатты айыра білді. Үйренді: Табиғатты аялауға,қамқорлықпен қарауға. Меңгерді:Зертханадағы топырақтармен танысып оған көкөністі егуді.	Табиғаттың екіге бөлінетінін Ия Топырақпен Жуа
------------------	---	--


02.05.18г.

